

Рудный қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 667 "Рудный қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 25 қаңтардағы № 82 қаулысы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 қаңтарда № 26683 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" 2019 жылғы 3 маусымдағы № 667 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8507 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғанынан кейін Рудный қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

К. Испергенов